



ТУРАН-КАЗАЛЫ

№79
(2354)
Сәрсенбі
15 қазан
2025 жыл
Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

ҚАЗАЛЫДА «ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯСЫ АЯСЫНДА 1500 ТҮП АҒАШ КӨШЕТТЕРІ ЕГІЛДІ

Қазалы ауданында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен қолға алынған жалпыұлттық «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында сенбілік жұмыстары ұйымдастырылып, барша аудан жұртшылығы туған жердің тазалығына белсене атсалысты.

Тазалық акциясы аясында аудан ардагерлері, әйелдер және аналар кеңесі, жастар, орманшылар теміржол вокзалы алдындағы Әйтеке би алаңында, ардагерлер үйінің алдындағы саябақта, Жанқожа баба кесенесі мен Рәміздер алаңында, Қазалы қаласындағы Қарасақал Ерімбет атындағы саябақта ағаш көшеттерін отырғызу шарасын ұйымдастырды.

Аудан әкімі Алмасбек Ес-



маханов алдымен зиялы қауым дарда ағаш көшеттерін өкілдерімен бірге аталған орын отырғызу акцияларына

қатысып, аудан көлемінде ұйымдастырылған сенбілік жұмыстарын аралады.

Ауданда өткен жаппай сенбілік жұмыстарына барлық мекеме қызметкерлері мен тұрғындар, кәсіпкерлер бір кісідей атсалысып, әрбір ұжым бөлінген аумақтарда, көшелерде, саябақтарда тазалық жұмыстарын қарқынды жүргізді.

Айта кетейік, экологиялық акция аясында өткен тазалық жұмыстарына барлық елді мекендер бойынша 751 адам мен 8 техника жұмылдырылып 17,3 тонна қоқыс арнайы орынға шығарылды.

Сонымен қатар, ауданды көркейту-көгалдандыру мақсатында 1500 түп ағаш көшеттері отырғызылды.

«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» АКЦИЯСЫ АЯСЫНДА САЯБАҚ АШЫЛДЫ



Қазалы ауданындағы Жанкент ауылында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен қолға алынған «Таза Қазақстан» экологиялық тазалық акциясы аясында «Жиеней баба» атындағы саябақ ашылды.

Саябақтың ашылу рәсіміне аудан әкімі Алмасбек Есмаханов арнайы

қатысып, аймақты көркейту-көгалдандыру бағытындағы игі іске атсалысқан барша азаматтарға алғысын жеткізді.

- Саябақ ауылға көрік беріп, тұрғындардың демалысын, бос уақытын тиімді өткізуге таптырмас орын болатыны анық. Енді бұл саябақтың тазалығын сақтап, көркейтіп көгалдандыру, абат-

тандыру жұмысын қолға алуымыз керек. Жаңа демалыс орнының ашылуы Президентіміздің «Таза Қазақстан» экологиялық акциясының жемісі. Туған өңірін көркейтуге атсалысып, игі шараның басы-қасында жүрген азаматтардың барлығына алғыс айтамын», - деді Алмасбек Әбілқасымұлы.

Жанкент ауылының кіреберіс аумағынан ашылып жатқан жаңа саябаққа жарықшамдар, орындықтар, қоқыс жәшіктері,

келушілерге арналған көлеңкелі орындар орналастырылған. Аудан әкімі зиялы қауым өкілдері мен саябақтың ашылуына жиналған жұртшылықпен бірге саябаққа ағаш көшеттерін отырғызып, көгалдандыру шараларына өз үлестерін қосты.

Қазалы ауданы әкімінің баспасөз қызметі

●Баспасөз - 2026

2026 ЖЫЛДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫ ЖЫЛДЫҒЫНА БАСПАСӨЗГЕ ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР!

Құрметті газет оқырмандары!

Аймақтық «Тұран-Қазалы» газетіне 2026 жылдың бірінші жарты жылдығына жазылу жүріп жатырғанын хабарлаймыз.

Аймақтық газет республикадағы ең арзан басылым екенін назарларыңызға саламыз. Газетке жазылу бағасы жеке адамдар үшін 6 айға -1130 теңге, мекемелер мен кәсіпорындары үшін 6 айға -2260 теңге.

Жеке тұрғындардың «Тұран-Қазалы» ЖШС-нің бухгалтериясына келіп жазылуына болады.

Аймақта болып жатқан жаңалықтарды білгіңіз келсе, өңірдің тыныс-тіршілігімен танысқыңыз келсе, әр саладағы атқарылып жатқан жағымды істерден хабардар болғыңыз келсе біздің газетке жазылыңыз.

Аймақтық «Тұран-Қазалы» газетінің редакциясы

ҚАЗАЛЫ АУДАНЫНДА «ҚАЛҚАН-2025» АРНАЙЫ ТАКТИКАЛЫҚ ОҚУ-ЖАТТЫҒУ ЖИЫНЫ ӨТКІЗІЛУДЕ



Қазалы ауданында қазан айының 12-21 күндері Қазалы ауданының аумақтық қорғаныс батальонымен «Қалқан-2025» арнайы тактикалық оқу-жаттығу жиыны өткізілуде.

Осыған сәйкес, Әйтеке би кенттік мәдениет үйінің ғимаратында оқу-жаттығуға қатысатын аумақтық әскери міндеттілердің қатысуымен арнайы жиын өтті. Жиынға аудан әкімінің орынба-

сары Дәурен Тлеумбетов, Қызылорда облысы әкімінің әскери қауіпсіздік және қорғаныс мәселелері жөніндегі көмекшісі Нұрболат Сейітов және №99 215 әскери бөлімінің командирі Шайзатхан Абжапбаров бастаған бірқатар азаматтар қатысты.

Жиында әскери міндеттілерге «Қалқан-2025» арнайы тактикалық оқу-жаттығуның мақсаты түсіндірілді.

Оқу-жаттығудың мақсаты - аудан халқын, аумақтық қорғаныс объектілерін және аумағын жұмылдыру, соғыс жағдайы кезеңінде және соғыс уақытында қарсыластың әрекеттерінен қорғау болып табылады. Бүгінгі күнде ауданымыздың әскери

міндеттілерінен 91 қазалылық азамат оқу жаттығуға қатысуда. Әскери жиынға шақырылған азаматтар 10 күн бойы Қазалы қаласындағы «Шағала» лагерінде орналасқан казармада тұратын болады. Олар теориялық білімдерін бекітіп, оқу полигонында атыс дайындығынан өтетін практикалық сабақтарға қатысады.

Бұл жиындар – жай ғана әскери дайындық емес, әскери міндеттілер арасында бірлікті, үйлесімділікті және жауапкершілікті нығайтудың құралы. Әрбір қатысушы ұлттық қауіпсіздік жүйесіндегі өз рөлінің маңызын түсінеді. Мұндай шаралар азаматтардың кез келген қатер жағдайында әрекет етуге дайын болуының кепілі.

«АРЫҚБАЛЫҚ» АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ БҮГІНГІ БЕЙНЕСІ

Елді мекеннің өркендеуі ауылдық округ әкімінің жүйелі жұмысы мен тұрғындардың белсенділігіне тікелей байланысты. Халықтың тұрмыс-тіршілігін жақсартып, әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету – жергілікті атқарушы органдардың басты міндеті.

«Арықбалық» ауылдық округі бүгінде аудан көлемінде өзіндік орны бар, әлеуеті зор өңірлердің бірі саналады. Мұнда ауыл шаруашылығы, білім беру, мәдениет және әлеуметтік сала бағытында атқарылып жатқан істер аз емес. Әсіресе, ауылды көркейтуге бағытталған мемлекеттік бағдарламалардың жүзеге асырылуы, тұрғындар игілігі үшін жасалып жатқан нақты жұмыстар – халықтың болашағына деген сенімін арттыруда. Осы мәселелер төңірегінде біз округ әкімімен арнайы сұхбат құрып, ауыл өмірінің бүгінгі тынысы мен келешекке арналған жоспарлары жайлы әңгімелестік.

– **Нүркен Жарболұлы, ауылдық округтің даму қарқынын қандай көрсеткіштермен бағалайсыз?**

– Біз үшін ең басты көрсеткіш – тұрғындардың тұрмыс деңгейі мен ауылдың көркеюі. Қазіргі таңда округ аумағы 18334 гектар жерді құрайды.

Жайылым, шабындық, егістік жерлер тиімді пайдаланылып, шаруашылық жұмыстары жүйелі жолға қойылған. Округте 1636 тұрғын бар. Олардың тұрмысы біртіндеп жақсарып, әлеуметтік қолдау, кәсіпкерлік және инфрақұрылымдық жобалар ауылдың әлеуетін арттырып отыр.

– **Жұмыссыздық мәселесін шешу үшін қандай жаңа мүмкіндіктер ұсынылуда?**

– Биылғы жылы тіркелген жұмыссыздардың бірқатары әртүрлі мемлекеттік бағдарламаларға қатысып, еңбекке тартылды. «Күміс жасы» арқылы зейнет жасындағы азаматтар еңбекке араласуда, жастар практикасы жас мамандардың тәжірибе жинақтауына мүмкіндік беруде. Қоғамдық жұмыстарға да ауыл тұрғындары белсенді қатысуда. Бұл бағыттағы жұмыстар тоқтап қалмайды. Алдағы уақытта жаңа жобаларды іске қосамыз.

– **Ауыл кәсіпкерлігінің тынысы қалай ашылуда?**

– Кәсіп ашқысы келетін азаматтарға мемлекет тарапынан үлкен қолдау көрсетілуде. Округте 33 шаруа қожалығы, 2 заңды тұлға, 66 шағын кәсіпкерлік жұмыс істейді. Халыққа қызмет көрсететін дүкендер, тасымал қызметтері, балық өнімдерін өндіретін орын-

дар бар. Биылғы жылы бір азамат «Түйе жүн көрпе өнімдерін шығару» ісін қолға алды. Тағы да бірнеше тұрғын грант пен жеңілдетілген несиеге ие болып, мал шаруашылығын дамытып жатыр. Бұл – ауыл экономикасын көтеретін басты бағыттардың бірі.



– **Инфрақұрылым саласында қандай өзгерістер орын алды?**

– Жол мәселесі – тұрғындардың басты сұранысы болатын. Қазір ауылдағы 10 көшенің 9-ы жөнделді, ауылға кіреберістегі жол күрделі жөндеуден өтті. Көшелерге жарық шамдары орнатылды, жаяу жүргіншілер жолы салынды. «Ардагерлер алаңы» абаттандырылып, спорттық құрылғылар орнатылды. Көгалдандыру, санитарлық тазалық жұмыстары жүйелі түрде жүргізілуде.

– **Оқушылар мен жастарға жасалып отырған жағдайға тоқталсаңыз?**

– Биыл мектепті 17 түлек бітірді. 3 оқушы «Алтын белгі» иегері атанды. Бұл – ұстаздар еңбегінің жемісі. Балабақшада

90 бүлдіршін тәрбиеленуде. Спорт мектебінде 88 бала әртүрлі спорт түрімен шұғылданып жүр. Жастардың бос уақытын тиімді өткізуіне жағдай жасалып келеді.

– **Мәдениет пен өнер саласы ауыл өмірінде қандай рөл атқарып отыр?**

– Жанқожа батыр ауылдық мәдениет үйінде жыл басынан бері 40-қа жуық іс-шара өткізілді. Оған 3300-ден астам көрермен қатысты. Өнерпаздарымыз аудандық, облыстық, тіпті республикалық деңгейдегі байқауларға қатысып, ауылдың атын шығарып жүр. Кітапхана 22 мыңнан аса кітаппен толыққан. Бұл – жастардың білімін, ой-өрісін кеңейтуге таптырмас құрал.

– **Денсаулық сақтау мен санитарлық қауіпсіздік саласында атқарылған жұмыстарға тоқталсаңыз?**

– Дәрігерлік амбулатория ауыл тұрғындарына күнделікті қызмет көрсетіп отыр. 11 төсектік күндізгі стационар бар. Мал дәрігерлері де жоспарлы жұмыстар атқарып, жануарларды қажетті тексерулерден өткізді. Кенеге қарсы өңдеу жұмыстары жүргізілді. Қалдықтарды бөлек сұрыптайтын контейнерлер орнатылды.

– **Алдағы уақытта қандай жұмыстарды жүзеге асырмақсыздар?**

– Биылғы ауылдағы ең үлкен жаңалық – 300 орындық жаңа мектептің ашылуы. Сонымен қатар, ауылға магистральді газ құбыры тартылып, ішкі желілердің құжаттары дайындалуда. Түлектердің қолдауымен тарихи ескерткіштер жаңартылып, ауылдың көркі артып келеді. Келешекте кәсіпкерлікті дамыту, инфрақұрылымды жетілдіру, жастардың әлеуетін көтеру – басты міндетіміз болып қала береді.

– **Әңгімеңізге рахмет!**

Әңгімелескен
Ұлпан ІБРАШ



МЕМЛЕКЕТТІК ӘЛЕУМЕТТІК САҚТАНДЫРУ ҚОРЫНАН ТӨЛЕМДЕРДІ АЛУ ТӘСІЛДЕРІ

Міндетті әлеуметтік сақтандырумен қамтылған жұмыс істейтін халықтың мүддесін қорғау мақсатында, мынадай әлеуметтік тәуекелдер туындаған жағдайларда: еңбекке қабілеттілігінен айырылу; асыраушысынан айырылу; жұмысынан айырылу; жүктілікке және босануға байланысты кірісінен айырылу; жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты кірісінен айырылу; бала бір жарым жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты кірісінен айырылу жағдайларына әлеуметтік төлемдер төлеу көзделген.

Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан (Қор) төленетін әлеуметтік төлемдердің мөлшері әр адамға жеке есептеледі және Қорға төленген әлеуметтік аударымдардың уақтылығы мен толықтығына тікелей байланысты болады. Айта кету керек, әлеуметтік аударымдар міндетті зейнетақы жарналары сияқты қызметкердің жалақысынан ұсталмайды, ол жұмыс берушілердің және (немесе) жеке кәсіпкерлердің қаражаты есебінен төленеді.

Осыған байланысты, біз жүйенің қатысушыларына Қорға нақты түскен әлеуметтік аударымдарды тексеріп отыруды ұсынамыз. Мұны egov.kz электрондық үкімет порталы арқылы (Басты бет/жұмысқа орналастыру және жұмыспен қамту/міндетті әлеуметтік сақтандырудың әлеуметтік аударымдары туралы ақпарат) немесе екінші деңгейлі банктердің мобильді қосымшаларында, сондай-ақ «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының (Мемлекеттік корпорация) бөлімшелеріне немесе Қордың филиалына жеке басын куәландыратын құжатпен жүгіне отырып тексеруге болады.

Бүгінгі таңда цифрлық қызметтердің дамуымен әлеуметтік төлемдерді рәсімдеу оңайырақ болып отыр.

Қордан әлеуметтік төлемдерді тағайындау үшін дәстүрлі түрде Мемлекеттік корпорацияның бөлімшелері арқылы да, үйден шықпай-ақ электронды түрде де жүгінуге болады.

Көбіне әлеуметтік төлемдер проактивті түрде тағайындалады: егер мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде барлық қажетті мәліметтер болса, жүйеге қатысушыға «1414» Бірыңғай байланыс орталығынан төлем алу құқығын іске асыру туралы смс-хабарлама келеді. Осы смс-хабарламаға келісім алған жағдайда төлем проактивті түрде тағайындалады.

Сонымен қатар, әлеуметтік төлемдерді келесі әдістердің бірімен:

- еңбекке қабілеттілігінен айырылу жағдайы бойынша: жалпы еңбекке қабілеттілігінен айырылу (ЖЕА) дәрежесін бастапқы белгілеу кезінде-

медициналық-әлеуметтік сараптама бөлімшесі арқылы, ал ЖЕА мәліметтері болған кезде - egov.kz электрондық үкімет порталы арқылы немесе Мемлекеттік корпорацияға;

- асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша: egov.kz электрондық үкімет порталы немесе Мемлекеттік корпорацияға;

- жұмысынан айырылу жағдайы бойынша: жұмыссыз ретінде тіркелу кезінде - enbek.kz электрондық еңбек биржасының порталдары арқылы, egov.kz электрондық үкімет немесе Мансап орталығы, ал жұмыссыздарды тіркеу туралы мәліметтер болған жағдайда - екінші деңгейлі банктердің мобильді қосымшаларында немесе Мемлекеттік корпорацияға;

- жүктілігі және босануы бойынша: - egov.kz электрондық үкімет порталына немесе Мемлекеттік корпорацияға жүгіну арқылы;

- бір жарым жасқа дейінгі бала күтімі бойынша: - egov.kz электрондық үкімет порталы, екінші деңгейлі банктердің мобильді қосымшалары немесе Мемлекеттік корпорацияға жүгінуге болады.

Егер өтініш беруші электрондық түрде өтініш берген болса, онда әлеуметтік төлемді тағайындау мерзімі 4 жұмыс күнін, ал Мемлекеттік корпорация арқылы жүгінген жағдайда - 8 жұмыс күнін құрайды.

Әлеуметтік төлемдерді тағайындау кезінде Қордың филиалдары құжаттардың (мәліметтердің) дұрыстығын тексеретінін атап өткен жөн. Уақтылы төленбеген немесе толық төленбеген, сондай-ақ төленген әлеуметтік аударымдар міндетті зейнетақы жарналарының аударылған сомалары бойынша бағаланатын қызметкердің табысына сәйкес келмеген жағдайларда Қордың филиалдары электрондық іс макетін толық ресімдеуге жібереді. Мұндай жағдайларда тағайындау мерзімі 30 жұмыс күніне дейін ұзартылады және тиісті мемлекеттік органдардан, жұмыс берушіден және т.б. қосымша мәліметтер талап етіледі.

Жүйенің тиімділігі нақты сандармен расталады. Қызылорда облысында ағымдағы жылдың 8 айында 204 848 мың жүйенің қатысушысы үшін Қорға 15,0 млрд. теңге сомасына әлеуметтік аударымдар түсті. Осы уақыт ішінде 55 893 мыңнан астам адам 26,6 млрд. теңге сомаға төлемдер алды.

Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесі туралы Қордың www.gfss.kz ресми интернет-ресурсынан білуге болады.

Қызылорда облысы бойынша «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» АҚ филиалы

СПОСОБЫ ОБРАЩЕНИЯ ЗА ВЫПЛАТАМИ ИЗ ГОСУДАРСТВЕННОГО ФОНДА СОЦИАЛЬНОГО СТРАХОВАНИЯ

В целях защиты интересов работающего населения обязательным социальным страхованием предусмотрены социальные выплаты в случаях наступления социальных рисков по: утрате трудоспособности; потере кормильца; потере работы; потере дохода в связи с беременностью и родами; потере дохода в связи с усыновлением (удочерением) новорожденного ребенка (детей); потере дохода в связи с уходом за ребенком по достижении полутора лет.

Размер социальных выплат из Государственного фонда социального страхования (Фонд) рассчитывается индивидуально и напрямую зависит от своевременности и полноты уплаченных социальных отчислений в Фонд. Следует отметить, что социальные отчисления не удерживаются из заработной платы работника, как обязательные пенсионные взносы, а уплачиваются за счет средств работодателей и (или) индивидуальных предпринимателей.

В этой связи, мы рекомендуем участникам системы проверить соцотчисления, фактически поступившие в Фонд. Сделать это можно через портал электронного правительства egov.kz (Главная страница/Трудоустройство и занятость/Информация о социальных отчислениях обязательного социального страхования) или в мобильных приложениях банков второго уровня, а также обратившись с документом, удостоверяющим личность в отделения Государственной корпорации «Правительство для граждан» (Госкорпорация) или филиал Фонда.

Сегодня оформить социальные выплаты стало проще благодаря цифровым сервисам.

За назначением социальных выплат из Фонда можно обращаться как традиционно через отделения Госкорпорации, так и электронно, не выходя из дома.

Всё чаще социальные выплаты назначаются проактивно: если в информационных системах государственных органов есть все необходимые сведения, участнику системы приходит смс-сообщение от единого контакт-центра «1414» о реализации права на получение выплаты. В случае получения согласия на данное смс-сообщение выплата назначается проактивно.

Кроме этого, за социальными выплатами можно обратиться одним из следующих способов:

- по случаю утраты трудоспособности: при первичном установлении степени утраты общей трудоспособности

(УОТ) - через подразделение Медико-социальной экспертизы, а при наличии сведений УОТ - через портал электронного правительства egov.kz или обратившись в Госкорпорацию;

- по случаю потери кормильца: через портал электронного правительства egov.kz или обратившись в Госкорпорацию;

- по случаю потери работы: при регистрации в качестве безработного - через порталы Электронной биржи труда enbek.kz, электронного правительства egov.kz или Карьерный центр, а при наличии сведений о регистрации безработным - в мобильных приложениях банков второго уровня или обратившись в Госкорпорацию;

- по беременности и родам: через портал электронного правительства egov.kz или обратившись в Госкорпорацию;

- по уходу за ребенком до полутора лет: через портал электронного правительства egov.kz, мобильные приложения банков второго уровня или обратившись в Госкорпорацию.

Если заявитель подал заявление электронно, то срок назначения социальной выплаты составляет 4 рабочих дня, а в случае обращения через Госкорпорацию - 8 рабочих дней.

Следует отметить, что при назначении социальных выплат филиалы Фонда проверяют достоверность документов (сведений). В случаях выявления несвоевременной или неполной уплаты, а также несоответствия уплаченных соцотчислений к доходу работника, который оценивается по перечисленным суммам обязательных пенсионных взносов, филиалы Фонда направляют электронный макет дела на дооформление. В таких случаях срок назначения продлевается до 30 рабочих дней и требуются дополнительные сведения от соответствующих государственных органов, работодателя и т.д.

Эффективность системы подтверждается конкретными цифрами. В Кызылординской области за 8 месяцев текущего года соцотчисления в Фонд поступили за 204 848 тыс. участников системы на сумму 15,0 млрд.тенге. За это время более 55 893 тыс. человек уже получили выплаты на сумму 26,6 млрд.тенге.

Подробно о системе обязательного социального страхования можно узнать на официальном интернет-ресурсе Фонда www.gfss.kz.

Филиал АО «Государственный фонд социального страхования» по Кызылординской области

● Президент Жолдауын қуаттаймыз!

ПРЕЗИДЕНТТІҢ ЖОЛДАУЫ – ХАЛЫҚТЫ ҚОЛДАУЫ

Биылғы Жолдау елімізде болып жатқан ауқымы кең өзгерістер мен кемел келешекке жасалған жаңа бағдарламаларды баяндайтын аса маңызды құжат. Биылғы Жолдаудың өзіндік ерекшеліктері көп болды.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Қауіп-қатерге толы кезеңде еліміздің тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуын және қауіпсіздігін қамтамасыз етуді» мақсат еткені халықтың сергелдеңін сейілтті.

Жаппай цифрландыру мен жасанды интеллект дәуірі халықтың санасын улап, жастардың мінез-құлқына, ойлау-жүйесінің дамуына кері әсерін тигізгені белгілі. Алайда, қоғамды жаңғырту үшін,

жасанды интеллект технологиясын енгізу заман талабы.

Мемлекет басшысының Жолдаудағы еліміздің жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігін құру туралы шешімі ел назарын елең еткізді. Бұл шешім, цифрландырудың кейбір кемшін тұстарын толық оңтайландыратыны белгілі. Демек, Қазақстан технологиялық тұрғыдан дамыған ел болып танылуына үлкен қадам. Жаһан талабы болған жасанды интеллектті дамыту арқылы қазақ жастарының заманауи дағдыларға үйренуге белсенділікті оятады. Бұл болашақ жастардың терең білімге, ізденімпаздыққа тәрбиелейтін сара жол.

Жұмысшы мамандықтарға деген құрметті арттыруы, жан-жақты білім ошақтарын қалыптастыруы, білімді, нағыз шеберлерді дайындау – арқылы «сапасы жоғары адами ресурс» қалыптасады. Ұлтына қарамай шетелден өз ісінің хас шеберлерін тартуды басты назарға алынуы – елімізде тәжірибелі білікті мамандардың қалыптасуына септігін тигізеді. Цифрландыруды еліміздің барлық салаларына жеделдетіп енгізу экономикамыздың қарыштап дамуына ықпалы зор.

Еліміздің озық дамуына жаңа тәсілдер қажет. Биылғы Жолдау жаңару энергиясымен сенімге толы, әділдікті құптайтын, ел дамуының маңызды бағыттарын

қамтитын стратегиялық бағдарлама. Жолдаудың ерекшелігі жасанды интеллект пен цифрландыру арқылы өнім сапасын арттыруға, ресурстарды үнемдеуге жол ашады. Сонымен қатар, экологиялық мәселелерге аса мән беруі болашақ ұрпақтың салауатты дамуына үлкен мүмкіндік деп білемін, Дені сау, тәрбиесі мен білімі тоғысқан ұрпақ – мемлекетіміздің жарқын келешегінің кепілі. Еліміздің көк байрақ астында бейбіт және берекелі өмір сүруі Президентіміздің салиқалы саясатының негізі.

Ақмарал ШӨМЕКЕЙҚЫЗЫ,
«Аранды» ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы

САПАЛЫ ТАҒАМ ТҰТЫНЫҢЫЗ!

Халықты сапалы азық-түлік өнімдерімен қамтамасыз ету - қазіргі таңдағы басты өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Аурудың алдын-алу және халық денсаулығын нығайту отандық денсаулық сақтау саласының басты бағыттағы жұмыстарының бірі және бұл бағыттағы мемлекеттік саясатты жүзеге асырудағы негізгі шара-халықтың қауіпсіз тағаммен тамақтануы болып табылады. Дұрыс тамақтанбау және тағам сапасының төмен болуы көптеген ішек аурулардың туындауына, соның ішінде бала тууының төмендеуіне, адамның өмір жасының қысқаруына, өлім-жітімнің көбеюіне әкеліп соғады.

Азық-түлік шикізаты және олардан өңделген өнімдердің сапасы мен қауіпсіздігі мәселесін шешу проблемасы – Қазақстан халқының салауатты тамақтану саласындағы мемлекет саясатының концепциясын іске асыру жөніндегі басым бағыттардың бірі болып табылады. Азық-түлік тауарларының сапасын қалыптастырудың негізгі ұстанымдарының ішінде олардың қауіпсіздігін, адамға тағайындалатын тағамға сәйкес өнімнің тағамдық құндылығын атап кеткен жөн. Өнімнің сыртқы түріне, органолептикалық көрсеткіштері, қаптамасы, сапасы туралы тұтынушыға

арналған ақпаратқа және өнімнің қолданылу бағытына үлкен мән беріледі.

Азық-түлік шикізаты мен тағам өнімдерінің сапасын және қауіпсіздігін бақылауды қамтамасыз ету жұмыстары өндірістік, мекемелік, мемлекеттік және қоғамдық

шикізаты мен тағам өнімдерінің химиялық және биологиялық текті ксенобиотиктермен ластануына байланысты тұрақты тексеріс жүргізу қызметі үлкен мәнге ие болып отыр. Салауатты тамақтану саласындағы мемлекеттік саясаттың мақсаты – халық денсаулығын



деңгейлерде жүзеге асырылады. Сапаны бақылауды қамтамасыз етудің маңызды құралына өнімді таңбалау жадады, бұл тұрғыда оны Еуропа және халықаралық стандарттар талаптарына сәйкес өзгерту қажеттілігін атап кеткен жөн. Қарастырылып отырған проблеманы шешуде басыңқы (приоритетті) ластағыштармен олардың түсу деңгейін анықтау мақсатында, азық-түлік

сақтау және нығайту, балалармен ересектердің дұрыс тамақтанбауынан туындайтын аурулардың алдын алу. Әрбір адамның азық-түлік заттарын дұрыс пайдаланудың денсаулықты нығайтуға көмектеседі. Дұрыс тамақтану денсаулықтың және ұзақ өмір сүрудің басты факторы болып табылады.

Дұрыс тамақтанудың негізгі шарттары:

1. Тағамның құрамында негізгі

қоректік заттар (белок, көмірсу, май) болуы тиіс.

2. Тамақ рационныңда (дәрумендер, тағамдық талшықтар) болуы тиіс.

3. Тамақ нәрлілігінің адамның жасына, мамандығына, денсаулық күйіне, табиғи-климаттық жағдайларына сәйкестігі.

4. Тәулік бойы тамақтану тәртібін, мөлшерін сақтау.

5. Тағамдар санитарлық-гигиена талаптарына сәйкес болуы керек.

Сан алуан азық-түліктердің ішінен өзімізге пайдалы, дәрумендерге бай, құрамында жасанды бояғыштар мен канцерогенді заттары жоқ тағамды таңдау үшін тұтынушы таңдау жағынан сауатты болғаны дұрыс. Қандай да тағамды сатып алмас бұрын, сыртқы қорабына, сақталуына назар аударып, құрамындағы компоненттерімен танысып алу қажет. Кеден Одағының Техникалық регламентінің 022/2011 «Азық-түліктердің таңбалануы туралы» бөлігіне сәйкес, сатушы Сізге тауар туралы толық, әрі нақты ақпаратты беруге міндетті.

Сапалы азық – денсаулық кепілі екенін ұмытпайық!

Жансая ЕРБОЛАТҚЫЗЫ,
Қазалы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.
Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспаханың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Е-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11277 дана.